<p>таситын ұшақтар, тікұшақтар, поезддар, кемелер.)</p> <p>◆ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? (жасыл.)</p> <p>◆ Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? (жүргізуші, шофер)</p> <p>◆ Бағдаршамның неше түсі бар? (Үш: қызыл, сары, жасыл.)</p> <p>◆ Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді?</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Түскен жапырақтарды жинау. Міндеттері</p> <p>-- Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;</p> <p>— ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Тоқта-- жүгір».</p> <p>Міндеттері</p> <p>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;</p> <p>— ептіліктерін дамыту.</p> <p><b>Жаттығу ойындары:</b> Бөрене үстімен жүру.</p> <p>Міндеттері епте-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.</p> <p><b>Мақал-мәтел:</b> «Бастаған істі тастама»</p> <p><b>(Марғұлан)</b></p>	<p>◆ Терек ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?</p> <p>◆ Терек ағашы қай жерлерде жиі өседі? (барлық жерде: саябақтарда, көшелерде, аулаларда.)</p> <p>◆ Терек ағашының қандай ерекшелігі бар? (олардың салпыншақ гүлдері бар, көктемде олардың қауыздарынан ақ ұлпа ұшады, жерді қара басқандай болады, балаларға оны өртеп ойнауға болмайды-өте қауіпті).</p> <p>◆ Терек ағашы адамдарға не береді? (эфир майы, қышқылдар бар. Медицинада, халық емшілігінде қолданады)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.</p> <p>Айырмашылығы қандай?</p> <p>Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек, Терек егу керек»</p> <p><b>Еңбек:</b> Күмсалғыштағы күмға су себу.</p> <p>Міндеттері кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Допты капитанға бер».</p> <p>Міндеттері</p>	<p>шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)</p> <p>◆ Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)</p> <p>◆ Ал басының түсі қандай? (Сұр)</p> <p>◆ Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)</p> <p>◆ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)</p> <p>◆ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)</p> <p>◆ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)</p> <p>◆ Күзде торғайлар немен қоректенеді? (есімдіктердің дәндері мен</p>	<p>Шаттық әнге салады.</p> <p>◆ Қандай құстар алаңға келіп қонады?</p> <p>◆ Олар қайда тіршілік етеді?</p> <p>◆ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?</p> <p>◆ Оларды кім қоректендіреді?</p> <p>◆ Көгершіндер қайда мекендейді?</p> <p>◆ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b></p> <p>Кептер мен торғайды салыстыру</p> <p><b>Еңбек:</b></p> <p>Балабақша аумағына жем салғыш ілу</p> <p>Міндеттері еңбек әрекетін орындауға үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Ұшады, с екіреді, жүзеді».</p> <p>Міндеттері</p> <p>— балаларды</p>	<p>көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.</p> <p>◆ Емендер көбіне қайда өседі? (орманда.)</p> <p>◆ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (қалада.)</p> <p>◆ Қалада тағы қандай ағаштар өседі?</p> <p>◆ Ағаштар қалаға не үшін керек? (ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)</p> <p>◆ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (күз айларында.)</p> <p>◆ Ағаш жапырақтары неге түседі? (ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпауы үшін)</p> <p>◆ Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (кұрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру</p> <p>Міндеттері ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау</p> <p>Цель: ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын</p>
---	---	---	--	--

		— доппен ойын кезінде әртүрлі қозғалыстарды қолдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Жаттығу ойындары</b> Екі-екіден колоннаға тұру. Міндеттері мүсіндерінің дұрыс жетілуін қалыптастыру. (Қайсар)	тұқымдарын шоқиды) <b>Еңбек</b> Ағаштарды мақсатында ұйымдастыру. Міндеттері — Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; — Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күстардың ұшуы». Міндеттері белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. <b>Жаттығу ойындары:</b> «Жалауды құлатпа» Міндеттері заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру (Ақерке)	жүкіруге үйрету; — зверей. күстардың, андардың, балықтардың аттарын есте сақтау <b>Жаттығу ойындары:</b> «Қаданы (кегли) құлат». Міндеттері — Допты нысанаға лақтыру; — Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. — (Марғұлан)	арттыру. <b>Қ/О:</b> «Аққу-қаздар». Міндеттері берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру <b>Жаттығу ойындары</b> Бір аяқпен секіру. Міндеттері барынша биік секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру  (Қайсар)
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				
<b>Түскі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Сюжетті рөлді ойын «Дүкен»</b> Көкөністер мен жемістерді себеттерге салу. бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру <b>Математика негіздері, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Инновациялық жоспар</b> Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Тындауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету <b>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сюжетті рөлді ойын «Киім дүкені»</b> Жалпы белгілері бойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру. тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. <b>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Сюжетті рөлді ойын «Азық-түлік дүкені»</b> дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу <b>Сурет салу</b> көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру <b>музыка, сурет салу, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сюжетті рөлді ойын «Ойыншықтар дүкені»</b> «Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. <b>Жапсыру, сөйлеуді дамыту</b></p>
Балалармен жеке жұмыс	Күз мезгілінің белгілерін үйрету (Ақерке)	Күз айларын атауға үйрету (Қайсар)	Күзгі киім үлгілерін білуге үйрету (Марғұлан)	Күз мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру (Ақерке)	Күз мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету (Қайсар)
Серуенге дайындық Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме
-------------------------------	-------------------------------------	--	--	---	--

<b>Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы</b>					
<b>Мектепке дейінгі ұйым:</b> КМҚК «Ақбота» бөбекжайы <b>Топ:</b> әр түрлі жастағы топ «Жұлдыз» <b>Балалардың жасы:</b> балалар 3 жастағы <b>Мерзімі:</b> Қазан 1 апта , 2023-2024 оқу жылы					
<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі 02.10.23</b>	<b>Сейсенбі 03.10.23</b>	<b>Сәрсенбі 04.10.23</b>	<b>Бейсенбі 05.10.23</b>	<b>Жұма 06.10.23</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Қимыл ойындары</b> «Белгіні тыңда» Міндеттері Балалардың денсаулыққа, ойынға деген кұштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын ,	<b>Дене шынықтыру Дидактикалық ойыны.</b> «Қайда барсаң, соны табасың» Мақсат-міндеттері: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі	<b>Дене шынықтыру Қимыл ойындары</b> «Сақина» ойыны МіндеттеріБалаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер	<b>Дидактикалық ойыны</b> «Шаршы құрастыр» Міндеттері Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ	<b>Дене шынықтыру Құрастыру ойыны.</b> «Үй құрастырамыз» МіндеттеріБалалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына

	<p>бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының әртүрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. <b>( қоршаған ортамен таныстру, дене шынықтыру)</b></p>	<p>ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай балалардың біріне беруге тырысады. <b>(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. <b>(математика негіздері, құрастыру)</b></p>	<p>сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдары жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. <b>(құрастыру, математика)</b></p>
--	--	---	---	---	---

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.  1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.  1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).  2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.  2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.  2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).  3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.  3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады.  3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).  4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.  4.1. Қолдарын жандарына созады.  4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).  5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде.  5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.  5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).  Біздерде бар қасықтар  Сиқырлы екен құралдар.  Дайын қасық, дәмді ас.  Еш нәрсені қалдырмас.  Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған</b></p>	<p>«Қылқалам</p>	<p>«Тілек тілеу».</p>	<p>Сәлем саған, ыстық</p>	<p>Қайырлы таң, Алтын</p>	<p>Күн жылуын</p>

<p><b>іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.</p> <p>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды).</p> <p>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі!</p> <p>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>күн! Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам.</p> <p>Алтын күз туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.</p> <p>Жапырақтар туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</b></p>	<p><b>Музыка Маман жоспары бойынша</b> "Әдемі сап түзейміз!" МіндеттеріБалаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</b> <b>Қазақ тілі</b> Маман жоспары бойынша "Сапқа тұрайық". МіндеттеріБалаларды</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</b> "Ойыншықтар". МіндеттеріБалаларды ң музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай</p>	<p>"Бауырсақпен шеңберге тұру". МіндеттеріБалаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру;</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша</b> "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" МіндеттеріҚазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай</p>

	<p>аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту.</p> <p><b>"Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.</b> МіндеттеріСуреттегі</p>	<p>сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту.</p> <p><b>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</b> МіндеттеріДопты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруға үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен</p>	<p>ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету.</p> <p><b>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</b> МіндеттеріДопты жеңіл ұстап, дәлдеп нысанаға лақтыруды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.</b> МіндеттеріКиімдерді шкафқа дұрыс орналастыруды үйрету. Ұқыптылыққа баулу. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>жануарларды қазақ тілінде атап, қимыл-қозғалыстарын сипаттап көрсету. <b>(қазақ тілі, дене шынықтыру)</b></p>		<p>ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. <b>"Ұшты-ұшты" ойыны.</b> Міндеттері Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету.</p>		
--	--	--	--	--	--

			(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу;</li> <li>- шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ киім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Серуен</b></p> <p><b>Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау</b> Міндеттері ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз С. Оспанов</i> <i>Өсе бере сан ғасыр</i> <i>Шыршаларға тимек кім</i> <i>Болып таудың түр-сәні</i> <i>Қорғалады орманы</i> <i>Жапырағы жап-жасыл</i> <i>Ол жеміс пен</i></p>	<p><b>Серуен</b></p> <p><b>Торғайларды бақылау</b> <b>Міндеттері</b> — Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; — Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз Ж. Смақов</i> <i>Шыр, шыр еткен торғайды</i> <i>Таспен атып торғайды</i> <i>Қорғамаса болмайды</i> <i>Ұя бұзған оңбайды.</i></p>	<p><b>Серуен</b></p> <p><b>Жаяу адамдарды бақылау</b> <b>Міндеттері</b> <i>жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз</b></p> <p>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол</p>	<p><b>Серуен</b></p> <p><b>Итті бақылау</b> <b>Міндеттері</b> Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз</b> Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасын, Аш үйіңнің қақпасын, Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасын. Балаларға сұрақтар.</p>	<p><b>Серуен</b></p> <p><b>Суды бақылау</b> <b>Міндеттері</b> Күз мезгіліндегі судың жайы – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар. Судың қандай қасиеттерін білесіңдер? Судың көлемі (қалпы) болама? Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме? Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның</p>

	<p><i>жидектің, Көрдің бе сен, шырианы? Топырақтың қорғаны.</i></p> <p><b>Еңбек:</b> Ойын алаңын тазалау. <i>Міндеттері жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету.</i></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Жұбынды қуып жет». <i>Міндеттері кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру</i></p> <p><b>Жаттығу ойындары:</b> Орнында тұрып ұзындыққа секіру <i>Міндеттері</i> — Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру</p> <p><b>(Акерке)</b></p>	<p><i>Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды.</i></p> <p>Балалармен әңгімелесу:.</p> <p>◆ Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)</p> <p>◆ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, түмсықтары мықты)</p> <p>◆ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)</p> <p>◆ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)</p> <p>◆ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)</p> <p>◆ Қазір бақылап торғайлардың не</p>	<p>ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болындар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!</p> <p>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.</p> <p>◆ Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)</p> <p>Жүргенде жолдың оң жағымен, өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек.</p> <p>Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.</p> <p>◆ Жаяулардың тең осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?</p> <p>- Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.</p> <p><b>Еңбек</b> Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды</p>	<p>◆ Иттің тұратын орны қалай аталады?</p> <p>◆ Иттің сүйікті тамағы не?</p> <p>◆ Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?</p> <p>◆ Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды?</p> <p>Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиянды. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.</p> <p>Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға</p>	<p>өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады. Зерттеу жұмысы. Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.</p> <p>Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайың мұз қалындай түседі. Ал, егер мұзды жылы</p>
--	---	---	--	--	---

		<p>істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік. ♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)</p> <p><b>Еңбек</b> Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау <i>Міндеттері</i> бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру <b>Қ/О:</b> «Бір, екі, үш-жүкір!» <i>Міндеттері</i> тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. <b>Жаттығу ойындары</b> «Шығыршыққа түсір». <i>Міндеттері</i> — Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; — Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. <b>(Марғұлан)</b></p>	<p>жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. <i>Міндеттері табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</i> <b>Қимылды ойын:</b> «Бағдаршам». <i>Міндеттері</i> — бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту. <b>Жаттығу ойындары</b> Қозғалыстарын дамыту. <i>Міндеттері</i> затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>(Қайсар)</b></p>	<p>қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар! Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару. <b>Мақсаты.</b> Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. <b>Міндеттері</b> - Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту <b>(Акерке)</b></p>	<p>жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. <i>Міндеттері табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.</i> Қ/О: «Қасқыр қақпан» <i>Міндеттері</i> Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. <i>Міндеттері</i> Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	---	--

<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын: «Отбасы»</b> <b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> «Күз туралы тақпақты құрастыру». МіндеттеріБалалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын: «Отбасы»</b> «Отбасындағы мереке» <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> «Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі». МіндеттеріБалаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын: «Отбасы»</b> «Отбасындағы туған күн» <b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу.</b> «Күзгі жапырақтар шоқтары». МіндеттеріБалалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын: «Отбасы»</b> <b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Алтын күз". МіндеттеріБалаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын: «Отбасы»</b> «Анама көмектесем» <b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> «Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат». МіндеттеріБалаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қаракұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын

	айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау. Жаттамақ жаттығуы. «Күз суық, сары көйлекті». <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>	күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. <b>(сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру)</b>	қалыптастыру. <b>Математика, сөйлеуді дамыту</b>		құрастыруды үйрету. <b>Құрастыру, математика</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтуды үйрету <b>(Марғұлан)</b>	Қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету <b>(Акерке)</b>	Алақанға салып тік және дөңгелетіп есе білуді үйрету <b>(Қайсар)</b>	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытуды қалыптастыру. <b>(Марғұлан)</b>	Геометриялық пішіндерді үйрету <b>(Акерке)</b>
<b>Серуенге дайындық Серуен</b>	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері»,	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз»

	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	ұйымдастыру.			тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.
--	--	--------------	--	--	--------------------------------------

<b>Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы</b>					
<b>Мектепке дейінгі ұйым:</b> КМКҚ «Ақбота» бөбекжайы» <b>Топ:</b> әр түрлі жастағы топ «Жұлдыз» <b>Балалардың жасы:</b> балалар 3 жастағы <b>Мерзімі:</b> Қазан 2 апта , 2023-20234оқу жылы					
<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі 09.10.23</b>	<b>Сейсенбі 10.10.23</b>	<b>Сәрсенбі 11.10.23</b>	<b>Бейсенбі 12.10.23</b>	<b>Жұма 13.10.23</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>«Жалпы атауын бер»</b> МіндеттеріБалаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі және қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу	<b>Дидактикалық ойыны.</b> <b>«Суретті құрастыр»</b> МіндеттеріБаланы бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге	<b>Пазл жинау ойыны.</b> МіндеттеріҚолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикалық ойлауды	<b>Дидактикалық ойыны.</b> <b>«Өрнекті құрастыр»</b> МіндеттеріЗейін, қабылдау, ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту,	<b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Көлеңкесін тап».</b> МіндеттеріБалаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, оларға

	<p>дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаған бала жеңімпаз болады. <b>(сөйлеуді дамыту, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>	<p>дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>шығармашылық қиялдарын дамыту. <b>(Математика, қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>	<p>ауызша сипаттама беруді үйрету. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)</b> <b>Еркін ойындар.</b> МіндеттеріБалаларға ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. <b>(құрастыру, Жапсыру, сурет салу, мүсіндеу)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу. 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру. 3- таяқшаны алдыға созып ұстау. 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру. 5- таяқшаны алдыға созып ұстау. 6- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бұғу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу.</p>				

	<p>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.  1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау.  2 -сол аяқты оның қасына алып келу.  3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау.  4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.  Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.  1- таяқшаны жоғары көтеру.  2- оңға иілу.  3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.  4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p>Балалардың беті-қолдарын жуғу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың,  Тазалықтың досы,  Су дегенің осы.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p><b>Көркемсөз.</b>  <b>Тұманбай Молдағалиев</b>  <b>«Жаңбыр».</b>  Жаңбыр кеп жауады,  Тамшылар тамады.  Тырс-тырс!</p>	<p>О, керемет, қандай тамаша!  Таң атты ғой бүгін басқаша!  Жаңаша көңіл күймен қарайық!  Достарымызға</p>	<p>Қайырлы күн,  шуақты күн!  Қайырлы күн, көк аспан!  Қайырлы күн,  достарым!  Қайырлы күн,</p>	<p>«Қайырлы таң!»  Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,  Қайырлы таң,  жайдары жанға да.  Қайырлы таң алға асын,</p>	<p>Арайлап таң атты,  Алтын сәуле таратты!  Күлімдеп күн шықты,  Жадырап нұр төкті.  Қайырлы күн,</p>

	<p>Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Көшелер тазарды, Кір үйлер ағарды. Тырс-тырс! Қалалар түледі, Балалар күледі. Тырс-тырс! Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс! <b>(көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p>жылулық сыйлайық!  Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>балабақшам!  Жемістер туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Кешке дейін жалғассын!  Көгөністер туралы әңгімелесу. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>достарым!  Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Музыка Маман жоспары бойынша</b> Дид ойын: «Әжеме арналған орамал» <b>Міндеттері</b> Ою - өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құастырады, жабыстырады <b>(Сурет салу, құрастыру)</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Маман жоспары бойынша <b>Дене шынықтыру</b> Маман жоспары бойынша Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Маман жоспары бойынша Такпақтарын қайталау. Би үйрену. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b> ана әке бала куыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. <b>(Математика негіздері)</b> Өнер</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қаранд аш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Маман жоспары бойынша Әндер мен такпақтар және билерді қайталау. <b>(көркем әдебиет, музыка)</b> Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер</p>

		<p>түрлі түсті моншақ жасату.  <b>(Мүсіндеу)</b>  Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші.  Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» <b>(математика негіздері)</b>  Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер</p>	<p>орталықтарында еркін іс әрекеттер</p>	<p>тізу.  <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</b>  Еркін іс әрекеттер</p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету;</li> <li>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Серуен</b>  <b>Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау</b>  <b>Міндеттері</b>  — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін</p>	<p><b>Серуен</b>  <b>Күздің алғашқы белгілерін бақылау</b>  <b>Міндеттері</b>  — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;</p>	<p><b>Серуен</b>  <b>Қайың ағашын бақылау</b>  <b>Міндеттері</b> - Күзгі қайың ағашын бақылауды</p>	<p><b>Серуен</b>  <b>Өрмекшіні бақылау</b>  <b>Міндеттері</b> — өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы</p>	<p><b>Серуен</b>  <b>Күн — жылу мен жарық көзі</b>  <b>Міндеттері</b>  — күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін</p>

<p>калыптастыру ; — әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p>— <b>Бақылау барысы</b> <b>Жұмбақ жасыру</b> Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)</p> <p>- Өленде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)</p> <p>- Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)</p> <p>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиыңтерін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. <b>Зерттеу жұмысы:</b> Д/О: «Күзге ең алғашқы</p>	<p>— Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қыркүйек»</b> Ғ. Өкеев</p> <p>Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиыңтерін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. <b>Зерттеу жұмысы:</b> Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Дидактикалық ойын: «Қайың мен теректің</p>	<p>жалғастыру; — Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету</p> <p><b>Бақылау барысы:</b> <b>Көркем сөз</b> Сырғалы қайың, ақ қайың. Сырыңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы:</b> қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Міндеттері үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін эзірлеу. <b>Қимылды ойын:</b> «Допты ұста» <i>Міндеттері</i> қағып алуға және</p>	<p>білімдерін молайтуды жалғастыру; — айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>Бақылау барысы:</b> <b>Көркем сөз</b> Сенде айтшы өрмекші, Неше аяқ, неше қол? Жауап берші өрмекші Неше аяқ, неше қол? - Табандарым жолға тисе, Зымырайды аяқтай. Табандарым өрмек тоқиды Қолдармен өрнек салғандай, Шіркейлерді ұстағанда, Аяқтарым пышақтай. Егер шыбын кездесе, Қағып алам ұзатпай!</p> <p><b>Зерттеу жұмысы:</b> <i>Өрмекші торын тауып, қарау.</i> <b>Еңбек:</b> «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру <i>Міндеттері</i> гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу <b>К/О:</b> «Үнсіз өт»</p>	<p>калыптастыру; — ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; — табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> <b>Психологиялық жаттығу:</b> <b>«Күншуақ»</b> <b>Міндеттері</b> Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.</p> <p>Сурақтар: ♦ Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? ♦ Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19</p>
--	--	--	---	---

	<p>дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)          Дидактикалық ойын: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»  <b>Еңбек</b>          Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.  <i>Міндеттері</i>          — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;          — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын</b>          «Бәйге».  <i>Міндеттері</i>          Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.  <b>Жаттығу ойындары</b>  <b>Қозғалыстарын қалыптастыру</b>  <i>Міндеттері</i> сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.          (Марғұлан)</p>	<p>ең әдемі күзгі жапырағын тап»  <b>Еңбек</b>          Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.  <i>Міндеттері</i>          — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;          — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын</b>          «Қуып жет».  <i>Міндеттері</i> Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.  <b>Жаттығу ойындары</b>  <b>Бөрене үстімен жүру</b>  <i>Міндеттері</i> Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру  <b>Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.</b>          (Қайсар)</p>	<p>келесіге беруге үйрету.  <b>Жаттығу ойындары:</b>  <i>Міндеттері</i>          Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету  <b>(Акерке)</b></p>	<p><i>Міндеттері</i> Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру  <b>Жаттығу ойындары</b>  <i>Қимылдарын дамыту</i>  <i>Міндеттері</i>          Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.  <b>(Қайсар)</b></p>	<p>секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.          Сұрақтар:          ♦ Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің?          - Күнге тура қарауға бола ма, көзін ауырмай ма?  <b>Зерттеу жұмысы:</b>          екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.  <b>Еңбек:</b>          Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу.          Міндеттері еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Өрт сөндірушілер жаттығуда»</b>  <i>Міндеттері</i>          қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру  <b>Жаттығу ойындары:</b>          «Шеңберге түсір»</p>
--	--	--	--	---	--

					<i>Міндеттері нысанаға көздеуге жаттықтыру (Ақерке)</i>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Міндеттері Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. <b>Көркемсөз</b> Сырттан келіп үнемі, Қолды сабындап жуамыз, Мұнтаздай тап-таза боламыз, Асқа қолды созамыз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>				
<b>Түскі ұйқы</b>	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу)	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын:</b> «Дүкен» <b>Сөйлеуді дамытудан</b>	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын:</b> «Дүкен» «Сатушы» <b>Көркем әдебиеттен</b>	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын:</b> «Дүкен» «Жүргізуші» <b>Математика</b>	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын:</b> «Дүкен» «Ет дүені» <b>Сурет салудан</b>	<b>Сюжеттік – рөлдік ойын:</b> «Дүкен» «Балалар киімі» <b>Қоршаған ортамен</b>

<p>әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>ойын-жаттығу.</b> «Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары». Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары.</p> <p><b>Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>ойын-жаттығу</b> «Алма». МіндеттеріБалаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. <b>Дидактикалық ойын.</b> <b>«Алманың бөліктерін құрастыр».</b> МіндеттеріТүстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту. <b>(құрастыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>негіздерінен ойын-жаттығу</b> «Кірпілерге жемістер». МіндеттеріБалаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің «оң жақ», «сол жақ», «алды», арты» бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. МіндеттеріБалаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. <b>Қимылды ойын «Ақ қоян».</b> МіндеттеріБалаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір</p>	<p><b>ойын-жаттығу</b> «Жемістер». МіндеттеріБалаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. <b>Сурет салу, құрастыру</b></p>	<p><b>таныстырудан ойын-жаттығу</b> «Жапырақтар әлемі». МіндеттеріБалаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. <b>Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».</b> МіндеттеріНенің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. <b>(дене шынықтыру,</b></p>
---	---	---	---	--	---

			бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>		<b>сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы танытамын. <b>(Акерке)</b>	Ересектерге көмек көрсетуге ынта білдіруге уйрету. <b>(Марғұлан)</b>	Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету. <b>(Қайсар)</b>	Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игеруді қалыптастырамын. <b>(Акерке)</b>	Берілген дыбысты дұрыс айтуды, сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру <b>(Қайсар)</b>
<b>Серуенге дайындық Серуен</b>	<p>Мақсаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>(дербес әрекет)</b></p> <p>Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)</b></p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің	«Баланың агрессивті мінез-құлқы» атты тақырыпта ата-	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы

	маңызы» тақырыбында кеңес беру.		балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	аналарға кеңес беру.	туралы әңгімелесу.
--	---------------------------------------	--	---	----------------------	--------------------

<b>Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы</b>					
<b>Мектепке дейінгі ұйым:</b> КМҚК «Ақбота» бөбекжайы» <b>Топ:</b> әр түрлі жастағы топ «Жұлдыз» <b>Балалардың жасы:</b> балалар 3 жастағы <b>Мерзімі:</b> Қазан 3 апта , 2023-2024 оқу жылы					
